

Валюталық реттеудің құқықтық негіздері

1. Валюталық реттеу ұғымы және әдістері мен объектілері
2. Валюталық реттеу органдары, өкілеттіліктері
3. Валюталық бақылаудың негіздері

Әдебиеттер:

1. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» ҚР-ның Заңы. 29.06.1998
2. «Валюталық реттеу және бақылау туралы» ҚР-ның Заңы. 13.06.2005
3. ҚР-ның Ұлттық Банкі туралы ҚР-ның 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заңы
4. Худяков А. И. Финансовое право РК. Общая часть. – Алматы: Жеты жаргы, 2001.
5. Найманбаев С. М. Финансовое право РК. Общая часть. – Алматы: Норма - К, 2003.

Валюталық реттеу — бұл мемлекеттің валюталық операциялар жүргізу тәртібін бекітуі.

Валюталық реттеу мемлекеттің қаржылық қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Қазіргі уақытта валюталық мәселелерге арналған негізгі құқықтық акт 2005 жылғы 13 маусымдағы **“Валюталық реттеу мен бақылау туралы” ҚР Заңы б.т.**

Валюталық реттеудің мақсаты тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің саясатына жәрдемдесу болып табылады.

Валюталық реттеудің міндеттері:

- 1) ҚР валюталық құндылықтардың айналысының тәртібін белгілеу;**
- 2) ҚР - ның дүниежүзілік экономикаға одан әрі кірігуі үшін жағдайлар жасау;**
- 3) валюталық операциялар мен капитал легі жөніндегі ақпараттық базаны қамтамасыз ету болып табылады.**

Валюталық реттеудің объектісі

валюталық құндылықтар және олармен операциялар (валюталық операциялар) жүргізу б.т.

Валюталық реттеудің негізгі

құқықтық нысандары:

- Нормативтік құқықтық актілер шығару (бұнда көбін ҰБ актілері құрайды);
- Жеке құқықтық актілер шығару (мысалы белгілі тұлғаға валюталық операцияларды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру).

Валюталық құндылықтар:

- шетел валютасы;

- номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;

- резидент еместер шығарған номиналы жоқ бағалы қағаздар;

- тазартылған құйма алтын;

- резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын, ұлттық валюта, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;

- резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздар;

Валюталық операциялар:

- валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың ауысуына байланысты операциялар, сондай-ақ валюталық құндылықтарды төлем құралы ретінде пайдалану;

- валюталық құндылықтарды, ұлттық валютаны, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздарды және төлем құжаттарын, резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздарды ҚР-на әкелу, жіберу және аудару, сондай-ақ ҚР-нан әкету, жіберу және аудару;

ҚР заңнамалары валюталық операцияларды екі түрге бөледі:

- ағымдағы валюталық операциялар;

- капитал қозғалысымен байланысты

валюталық операциялар.

Ағымдағы валюталық операцияларға қысқа мерзімді (180 күннен төмен мерзімді) және маңызы төмен операциялар жатады.

Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларға ұзақ мерзімді (180 күннен жоғары мерзімді) және маңызы операциялар жатады.

*В валюталық операциялар кімнің жүзеге асыратынына байланысты түрлі реттеу сипатына ие. Бұған орай заңнама валюталық қатынастардың екі түрлі субъектісін ажыратады: **резиденттер** яғни елдегі тұрақты тұрғылықты жері бар тұлға және **резидент еместер**.*

Резиденттер:

- ҚР-ның азаматтары, оның ішінде шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар ҚР-ның азаматтарын қоспағанда, шет елде уақытша жүрген немесе ҚР-нан тыс жерлерде оның мемлекеттік қызметінде жүрген азаматтары;
- ҚР-да тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;
- ҚР-ның заңнамасына сәйкес құрылған, ҚР-ның аумағында тұрғылықты жері бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚР-да және одан тыс жерлерде тұрғылықты жері бар олардың филиалдары мен өкілдіктері;

■ ҚР-нан тыс жерлерде орналасқан ҚР-ның дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

Резидент еместер:

- ◆ Резиденттер түсінігінде көрсетілмеген жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері;
- ◆ Егер оларды құру туралы халықаралық (мемлекетаралық) келісімде өзгеше айқындалмаса, халықаралық ұйымдар;
- ◆ Шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де ресми өкілдіктері;

Валюталық реттеудің негізгі әдістері:

- 1) Белгілі мүлікті валюталық құндылыққа жатқызу; валюталық реттеу объектілерін айқындау;
- 2) валюталық операцияларды жүргізудің қағидаларын белгілеу;
- 3) мемлекеттің валюталық монополиясының объектілерін айқындау;
- 4) мемлекеттің валюталық монополиясының объектілерімен жасалынатын операцияларды жүзеге асыруға хақы бар мемлекеттік органдардың құзыреттерін белгілеу;
- 5) валюталық операцияларды, оның ішінде шетелдік валютамен жасалынатын операцияларды жүзеге асыруға хақы бар заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу;

6) валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қызметтерді лицензиялау;

7) Резиденттердің тысқары жерлерден шетел валютасымен беретін және алатын ссудалары (борыштары) мен несиелерін тіркеу;

8) валютамен жасалынатын операцияларға бақылау жүргізу;

9) белгілі бір валюталық операцияларды жүргізуге салынатын тыйымдар мен қойылатын шектеулерді белгілеу сипатында жүзеге асырылады.

Қазақстанда бекітілген валюталық операциялар жүргізу ережесіне сәйкес келесілерді атауға болады.

ҚР шетел валютасын сатып алу, сату және ауыстыру резиденттер мен резидент еместер арасында уәкілетті банк мен олардың айырбастау пункттері арқылы жүргізіледі.

Резиденттер Ұлттық банк бекіткен тәртіппен уәкілетті банктерде шетел валютасымен шот иелене алады.

Резидент еместер шетел валютасымен және ҚР-ның валютасымен уәкілетті банкте шот иелене алады.

Валюталық реттеу органдары:

1. ҚР- да валюталық реттеудің негізгі органы ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

2. ҚР Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар валюталық реттеуді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. ҚР Ұлттық Банкі және ҚР Үкіметі Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместер үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.

ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады:

1) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін және оған қойылатын талаптарды;

2) резиденттер мен резидент еместердің валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін, соның ішінде валюталық реттеу режимдерін:

лицензиялауды;

тіркеуді;

хабардар етуді;

3) ҚР аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларына мониторингті (валюталық мониторингті) жүзеге асыру тәртібін;

4) уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес барлық резиденттер мен резидент еместердің орындауы үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу және есептілік нысандарын белгілейді.

**Валюталық реттеудің маңызды
бағыты валюталық бақылау б.т.**

Валюталық бақылаудың мақсаты

**ҚР-ның резиденттері мен резидент
еместер валюталық операциялар
жүргізген кезде олардың ҚР-ның
заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету
болып табылады.**

Валюталық бақылаудың міндеттері:

- 1) жүргізілетін валюталық операциялардың ҚР заңнамасына сәйкестігін айқындау;
- 2) валюталық операциялар бойынша төлемдердің негізділігін және оларды жүзеге асыруға қажетті құжаттардың болуын тексеру;
- 3) валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің толықтығын және объективтілігін тексеру болып табылады.

ҚР-да валюталық бақылауды ҚР-ның Ұлттық Банкі, ҚР-ның заңдарында белгіленген өкілеттіктері шегінде өзге де мемлекеттік органдар (валюталық бақылау органдары) және валюталық бақылау агенттері жүзеге асырады.

Уәкілетті банктер және уәкілетті ұйымдар валюталық бақылау агенттері болып табылады. Валюталық бақылау органдары валюталық реттеу функциясын жүзеге асыруға құқылы мемлекеттік органдар б.т.

Валюталық бақылау агенттері банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар б.т.

Валюталық бақылау органдары мен агенттерінің құқықтары және міндеттері:

Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместердің ҚР-да жүргізетін валюталық операцияларына осы операциялардың ҚР-ның заңнамасына, лицензиялардың шарттарына, тіркеу және хабарлама талаптарына сәйкес келуі бөлігінде бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Валюталық бақылау органдары өз қүзыреті шегінде:

- 1) резиденттер мен резидент еместердің ҚР-ның валюталық заңнамасын сақтауын тексеруді жүзеге асырады;
- 2) резиденттер мен резидент еместердің валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептілігінің толымдылығын және дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады;
- 3) валюталық операцияларды жүргізуге байланысты құжаттар мен ақпаратты сұратады;

4) валюталық бақылауды тиісті түрде жүзеге асыру мақсатында валюталық бақылау агенттеріне олардың орындауы үшін міндетті тапсырмалар береді;

5) валюталық операциялар бойынша есептілікті ұсыну тәртібін белгілейді;

6) анықталған құқық бұзушылықты жою туралы талаптар қояды және ҚР-ның барлық резиденттері мен резидент еместерінің орындауы үшін міндетті болып табылатын ҚР-ның заңнамасында көзделген басқа да шараларды қабылдайды.

Валюталық бақылау агенттері:

- 1) өздері, оның ішінде клиенттердің тапсырмасы бойынша операциялар жүргізген кезде ҚР-ның валюталық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;**
- 2) валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің толымдылығын және объективтілігін қамтамасыз етуге;**
- 3) ҚР-ның заңдарында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес өз клиенттері жол берген, өздеріне белгілі болған ҚР-ның валюталық заңнамасын бұзу фактілері туралы ҚР Ұлттық Банкіне, сондай-ақ басқа да валюталық бақылау органдары мен құқық қорғау органдарына хабарлауға;**

4) валюталық бақылау органдарына өздерінің қатысуымен жүргізілетін валюталық операциялар туралы ҚР-ның заңдарында, ҚР Президентінің актілерінде және валюталық реттеу органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ақпарат беруге міндетті.

Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде өздеріне белгілі болған коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны ҚР-ның заңнамасына сәйкес сақтауға міндетті.

Ықпал ету шаралары мен санкциялар

Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың ҚР валюталық заңнамасын бұзғаны анықталған жағдайда ҚР Ұлттық Банкі заңдарда көзделген ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың өздерінің айырбастау пункттері арқылы шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін бұзуға жол бергені анықталған жағдайда ҚР Ұлттық Банкі айырбастау пункті тіркеу куәлігінің қолданылуын алты айға дейін тоқтата тұруға құқылы.

ҚР – да валюталық операцияларды жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:

1) валюталық бақылау органдары жүргізген тексеру нәтижелері туралы анықтамалармен танысуға;

2) валюталық бақылау органдары мен агенттерінің іс-әрекетіне ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

3) ҚР-ның заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Валюталық операцияларды жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер:

1) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне барлық сұратылатын құжаттарды және валюталық операциялардың жүзеге асырылуы туралы ақпаратты ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде беруге;

2) валюталық бақылау органдарының тексеру жүргізуі барысында, сондай-ақ тексеру нәтижелері бойынша оларға түсініктемелер табыс етуге;

3) жүргізілетін валюталық операциялар бойынша олардың ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзім ішінде сақталуын қамтамасыз ете отырып, есеп жүргізуге және есептеме жасауға;

4) валюталық бақылау органдарының анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптарын (нұсқауларын, ұйғарымдарын) орындауға;

5) валюталық бақылау органдарының тексеру жүргізуі барысында оларға өз үй-жайларына кіруін, құжаттарына және автоматтандырылған деректер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.